

№	Арнайы түзетуші іс-әрекет	Арнайы түзетуші іс-әрекеттің міндеттері (Танымдық іс-әрекетінің сөйлеу тілін түзету)	Фонематикалық қабылдауына арналған жаттығулар	Күні, апта
1	Отбасы туралы. Отбасы мүшелерімен таныстыру. Жеке атауларын айтқызу.	Сөйлеуді дамыту: <u>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</u> 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. <u>Сөздік қор.</u> 2. Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. 3. сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту; 4. ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамыту.	Ф/ж:«Сәйкес суретті тез ата»	Қыркүйек айы. 1-3апта. 01.09-16.09.2022ж
2	Жемістер мен көкөністерді атап, ажыратуды үйрету,зат есім сөздерді сан есім сөздермен тіркестіріп сөйлем құрау.	<u>Тілдің грамматикалық құрылымы.</u> 1. байланыстырып сөйлеу; 2. сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану; 3. әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру; <u>Байланыстырып сөйлеу.</u> 1. Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін, көлемі шағын тақпақтарды жатқа айту, сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру, шағын әңгімелер мен ертегілерді айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру.	Ф/ж:«Тез ойла, сөз ойла»	4-5 апта. 19.09-30.09.2022ж

	Дыбыстап айту	Ұсынылған мазмұн бойынша сахналауға үйрету. 1-2 апта балаларға диагностика жүргізіледі. Жеке түзете-дамыту бағдарламасымен жеке жұмыс. Дыбыстың қойылымы, сөйлеуде бекітілуі [а, у, о] Артикуляциялық жаттығулар. Тыныс алу жаттығуы. Есту зейінін дамыту. Ырғақты жаттығулар.		
3	Күз мезгілін атап, ажыратуды үйрету, зат есім сөздерді сан есім сөздермен тіркестіріп сөйлем құрау.	Сөйлеуді дамыту. <u>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</u> 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.	Ф/ж: «Қайтала».	Қазан айы. 1-2 апта. 03.10-14.10.2022ж
4	Дене мүшелері туралы түсінік қалыптастыру, көрсету. Жеке атап көрсету, айтқызу.	2. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. 3. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. <u>Сөздік қор.</u> 1. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі	Ф/ж: «Ұстап, ал!».	3-4 апта. 17.10-28.10.2022ж

5	Киімдерді атап,ажыратуды үйрету, зат есім сөздерді сан есім сөздермен тіркестіріп сөйлем құрау.	және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. 2. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. 3. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. 4. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында).	Ф/ж: «Сәйкестендір».	Қараша айы 1-2 апта 31.10- 11.11.2022
6	Үй құстарын және жабайы құстарды атап,ажыратуды үйрету,зат есім сөздерді етістік сөздермен тіркестіріп сөйлем құрау.	Тілдің грамматикалық құрылымы. 1. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).	Ф/ж: «Төртінші артық».	3-4 апта 14- 25.11.2022
7	Ыдыс-аяқтарды атау.Не үшін қажет?-сұрағына сөйлем құрап жауап беруді үйрету.	<u>Байланыстырып сөйлеу.</u> 1. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. 2. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты,	Ф/ж: «Тез ойла, тез сөйле».	Желтоқсан айы 1-3 апта 28.11- 16.12.2022

		суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.	Ф/ж: «Дыбысты ата».	4-5 апта 19- 30.12.2022
8	«Қыс мезгілі»- тақырыбындағы зат есім сөздерге сын есім сөздерін тіркестіріп сипаттама беру.			
	Дыбыстап айту «Қыс мезгілі»- тақырыбындағы зат есім сөздерге сын есім сөздерін тіркестіріп сипаттама беру. «Жаңа жыл келді»- тақырыбында тақпақтар жаттау; Әңгіме құрау.	<u>Көркем әдебиет.</u> 1. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. 2. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Әр баланың жеке түзете-дамыту бағдарламасымен жеке жұмыс. Дыбыстың қойылымы, сөйлеуде бекітілуі [и,ә,ы,м, п,б,т, к, қ, в] Артикуляциялық жаттығулар. Логоформула. Тіл ұстарту жаттығулары. Тыныс алу жаттығуы. Есту зейінін дамыту. Ырғақты жаттығулар.	Ф/ж: «Дыбысты қайтала». Ф/ж: «Суреттер» Ф/ж: «Буынды ата»	Қаңтар айы 1-2 апта 2.01- 13.01.2023 3-4 апта 17- 27.01.2023

«Түстер»- тақырыбындағы зат есім сөздерге сын есім сөздерін тіркестіріп сипаттама беру. «Менің сүйікті үй жануарым»- тақырыбында әңгіме құрау. Жануарларға сипаттама беру. «Түлкі қандай?»-сұрағына жауап беру. Көлік түрлерін ажырату, атап үйрену.Суреттерге қарап сөйлем құрау. Пішіндер түрлерін ажырату, атап үйрену.Суреттерге қарап сөйлем құрау. Тәулік бөліктерін түсіндіру. Жеке айтқызып айтқызу. Таң, кеш, түс мағынасын балаларға түсіндіру.	Сөйлеуді дамыту. <u>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</u> 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. 2. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. 3. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. 4. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. 5. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. <u>Сөздік қор.</u> 1. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. 2. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. 3. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен заттардың орналасқан жерін тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы	Ф/ж: «Дыбыстарды көрсет» Ф/ж: «Тез ойла сөз ойла» Ф/ж: «Дыбысты ата» Ф/ж: «Тақпақты қайтала» Ф/ж: «Суретті сөйлем»	Ақпан айы 1-2 апта 30.01-03.02.20213 3-4 апта 6-17.02.2023 Наурыз айы 1-2 апта 20.02-03.03.2023 3-4 апта 6-17.03.2023 5 апта 20-31.03.2022
--	---	---	---

	Ертегіні оқып беру,талқылау. Суретке қарап толық сөйлем құрай арқылы түсінік айтқызу. Сандар туралы түсіндіру. Жеке айтқызып айтқызу. Таң, кеш, түс мағынасын балаларға түсіндіру. Жаз тақырыбындағы сюжеттік суретке әңгіме құрау. Жаз мезгіліндегі жеке суреттер арқылы әңгіме құрату. Жеке сөздерін айтқызу. Өткенді қайталау, талқылау. Суретке қарап толық сөйлем құрай арқылы түсінік айтқызу. Дыбыстап айту	антоним сөздермен байыту. <u>Тілдің грамматикалық құрылымы.</u> 1. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету <u>Байланыстырып сөйлеу.</u> 2. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. 3. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Көркем әдебиет. 1. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор	Ф/ж: «Ұстап ал!» Ф/ж: «Менімен бірге қайтала» Ф/ж: «Қызықты дыбыстар»	Сәуір айы 1-2 апта 3-14.04.2023 3-4 апта 17- 28.04.2023 Мамыр айы 1-2 апта 1-12.05.2023 3-4 апта 15- 26.05.2023
--	--	--	--	---

		сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. 2. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. 3. Санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу, шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге ынталандыру. Әр баланың жеке түзете-дамыту бағдарламасымен жеке жұмыс. Дыбыстың қойылымы, сөйлеуде бекітілуі [в, г, ғ, с, з, д, н, ң, ж, ш, л, р, ф, й, щ] Тыныс алу жаттығуы. Есту зейінін дамыту. Ырғақты жаттығулар.		
--	--	--	--	--